



БИІК ТАУЛАР  
БЕСІГІНДЕ

6-7

# Almaty

## AQSHAMY



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №22 (6700) 27 ақпан, жұма, 2026 жыл. | www.aqshamnews.kz

12+

МАРАПАТ

# АЛМАТЫЛЫҚ ЧЕМПИОН – АҚОРДАДА

Михаил Шайдоровқа ІІ дәрежелі «Барыс» ордені табысталды

**Ақорда резиденциясында XXV Қысқы Олимпиада ойындарының жеңімпазы Михаил Шайдоров пен оның жаттықтырушыларын марапаттау рәсімі өтті.**

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев салтанатты іс-шарада Олимпиада жүлдегерін құттықтады. Әрі Қазақстан үшін бұл Олимпиаданың орны ерекше екенін айта келіп, отандасымыздың тамаша өнер көрсетіп, Көк Туымызды Олимп шыңына көтергенін ерекше ықыласпен атап өтті.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Михаил Шайдоровтың Олимпиада чемпионы болуында әкесі әрі алғашқы бапкері Станислав Шайдоровтың еңбегінің айрықша екенін атады. Сондай-ақ, халықаралық бәсекеде ел абыройын биіктететін осындай отаншыл азаматты тәрбиелегені үшін алғыс білдірді.

XXV Қысқы Олимпиада ойындарындағы жетістіктері үшін Михаил Шайдоровты ІІ дәрежелі «Барыс» орденімен, бапкері, жаттықтырушы-кеңесші Алексей Урмановты ІІ дәрежелі «Достық» орденімен марапаттады. «Құрмет» ордені Қазақстан Республикасының мәнерлеп сырғанаудан ұлттық құрама командасының бас жаттықтырушысы Әсем Қасановаға, мәнерлеп сырғанаудан жаттықтырушы Станислав Шайдоровқа, Қазақстандық конькимен мәнерлеп сырғанау одағының президенті Бауыржан Ералыға табысталды.

Олимпиада чемпионы көрсеткен қолдауы үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа және барша отандасымызға ризашылығын білдірді.

Кездесуде Мемлекет басшысы бұқаралық және кәсіби спорттың дамуына қолайлы жағдай жасалатынын, бұл – мемлекеттік саясаттың басым бағыты екенін жеткізді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



ҰЛТТЫҚ ТҰТАСТЫҚ

# МЕЙІРІМ МЕРЕКЕСІ



1 наурыз  
АЛҒЫС  
АЙТУ КҮНІ

Көктем де келіп қалды. Жер-әлем жаңартын осынау жыл мезгілінің шымылдығын Алғыс айту күнінің ашатыныны да сондай жарасымды! Иә, 1 наурыз – Алғыс айту күні. Күнтізбемізден ойып тұрып орын алған бұл мерекеге биыл

10 жыл толып отыр. Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында Алматы қаласының ҚХА өкілдері айтулы күннің мәні, дәстүрі және қала тұрғындарының оған қалай қатысатыны туралы сөз алды.

6-7

**15** НАУРЫЗ  
МАРТА  
**РЕФЕРЕНДУМ**  
Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!  
Важно голос каждого из нас!  
ELECTION.GOV.KZ

**«Республикалық референдумға қатысу құқығы бар азаматтар тізіміне енгізілуін тексеру туралы»**

2026 жылғы 15 наурызға тағайындалған республикалық референдумда дауыс беру күніне 18 жасқа толған Қазақстан Республикасы азаматының қатысуға құқығы бар.

Тізімдерді әкімдіктер нақты дауыс беру учаскесінің аумағындағы тұрғылықты мекенжайыңыз бойынша Сіздің тұрақты тіркелуіңіздің негізінде жасайды. Егер тұрақты тіркелуіңіз болмаса, Сіз референдум тағайындалған сәттен бастап, тиісті жергілікті атқарушы органда дауыс беруші ретінде тіркеле аласыз. Дауыс беру учаскелері тиісті әкімдердің шешімдерімен құрылады және олардың шекаралары бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.

2026 жылғы 27 ақпаннан бастап сізге өз учаскеңізде республикалық референдумға қатысуға құқылы азаматтардың тізімінен өзіңіз туралы деректерді тексеру мүмкіндігі берілетін болады.

Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!  
Қазақстан Республикасының Орталық референдум комиссиясы.



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

# ӘДІЛЕТТІ ЖӘНЕ ПРОГРЕССИВТІ ҚАЗАҚСТАН

## Сенаторлар қоғам өкілдерімен кездесті

**Алматыда «Әділетті және прогрессивті Қазақстанның халықтық Конституциясы үшін!» жалпыұлттық коалициясының жаңа конституциялық реформаны талқылауға арналған кездесулері жалғасып жатыр. Маңызды қоғамдық талқылар мен қолдау іс-шараларын тілшілеріміз топтастырды.**



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

### Кәсіподақ ұйымдары Конституция жобасын қолдады

Жалпыұлттық коалиция мүшелері жергілікті Кәсіподақ ұйымдарының өкілдерімен кездесті. Кездесуге сенатор Нұрия Ниязова, қалалық мәслихат депутаты Бақытбек Жұмабаев, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің директорлар кеңесінің төрағасы Рахат Шимашева, сондай-ақ жергілікті серіктес кәсіподақ төрағасы Сабыржан Қали қатысты.

Басқосуға салалық кәсіподақтардың 11 филиалы мен 11 жергілікті кәсіподақ ұйымының жетекшілері жиналды. Жиында жаңа Конституция жобасының негізгі бағыттары, қоғамдық даму мен әлеуметтік саясат мәселелері талқыланды. Сенат депутаты Нұрия Ниязова өз сөзінде қоғамдық талқылаудың маңыздылығына тоқталды. Оның айтуынша, қазіргі жаһандық трансформация жағдайында мемлекеттік және қоғамдық жүйелерді жаңа сын-қатерлерге бейімдеу қажеттігі туындап отыр.

«Қазақстан жаһандық өзгерістер жағдайында дамып келеді» деген сенатор қоғамның әділеттілікке деген сұранысының артуы мемлекеттік институттардың жаңаруына қозғаушы болып жатқанын жеткізді.

Кездесу барысында қатысушылар алдағы республикалық референдумды қолдайтындарын білдіріп, жаңа Конституция жобасын түсіндіру жұмыстарына белсенді атсалысу қажеттігін атап өтті.

### Білімдіге жол ашық

Алматыдағы жұмыс сапары аясында Парламент Сенатының депутаттары

Сұлтанбек Мәкежанов, Жанна Асанова, Нұрия Ниязова қалалық Білім берудегі жаңа технологиялар ғылыми-әдіснамалық орталығының ұжымымен кездесті.

Сенат депутаты Сұлтанбек Мәкежанов барлық азаматтардың референдумға қатысуының маңызын айта келе, Конституция жобасындағы негізгі жаңалықтарға, соның ішінде отбасы институты мен білім саласын қолдау тұрғысына арнайы тоқтады.

– Негізгі заң жобасында отбасы институты туралы нақты айтылған. Өйткені, баланың моральдық және этикалық қасиеттері үшін ата-ананың жауапкершілігі маңызды, – деді сенатор.

Сенатор Жанна Асанова мен Нұрия Ниязова басты құжатта білім саласына қатысты мәселелерді қоса алғанда, азаматтардың негізгі құқығы мен бостандығы нақты көрсетілгенін атап, дәйекті мысалдар келтірді.

Сенат депутаттары кездесуге қатысушылардың жаңа Конституция жобасына енгізілген жаңа ережелер бойынша, оның ішінде бір палаталы Парламент, Халық Кеңесі институты және т.б. сұрақтарына жауап берді. Орталық қызметкерлері еліміздің жаңа Конституциясы жобасына қолдау білдірді.

### «Samal Water» саяси реформаны талқылады

Алматыдағы жұмыс сапары аясында Парламент Сенатының депутаты Жанна Асанова «Samal Water» компаниясының ұжымымен кездесті. «Әділетті және прогрессивті Қазақстанның халықтық Конституциясы үшін!» атты жиында кәсіпорын қызметкерлері 15 наурызда

өтетін республикалық референдумға қолдау білдірді.

Жанна Асанова азаматтардың дауыс беруге қатысуының маңыздылығын атап өтіп, референдум елдің одан әрі дамуы жолындағы маңызды қадам болып табылатынын атап өтті. Сенатор өз сөзінде жаңа Конституция жобасының негізгі ережелері туралы айтып, мемлекеттік институттарды нығайту, әлеуметтік саясат, отбасын және білім беру жүйесін қолдау мәселелеріне ерекше назар аударды.

Жаңа Конституция жобасында цифрлық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, азаматтардың дербес деректерін қорғауға және киберқорғаныстың қазіргі заманғы тетіктерін дамытуға бағытталған ережелер көзделгені атап өтілді. Жанна Бейсентайқызының айтуынша, бұл нормаларды конституциялық деңгейде бекіту цифрландыру және ақпараттық технологияларды белсенді дамыту жағдайында азаматтардың құқығын қорғаудың қосымша кепілдіктерін құруға мүмкіндік береді.

Кездесу барысында депутат компания қызметкерлерінің Негізгі заңға енгізлетін өзгерістерге, сондай-ақ парламенттік жүйені жетілдіру және қоғамдық қатысу тетіктерін кеңейту жөніндегі бастамаларға қатысты сұрақтарына жауап берді.

### Қоғаммен байланыс

Қара шаңырақ ҚазҰУ ұжымы мен студенттері де жалпыұлттық коалициясы мүшелерімен кездесіп, еліміз үшін өзекті мәселелерді, қоғамдық бастамалар мен мемлекеттік институттарды одан әрі жетілдіру бағыттарын талқылады.

Жиында сөз алған Сенат депутаты Дархан Қыдырәлі адамның бостандығы мен еркіндігі, адамға қажетті құндылықтар, қағидаттардың барлығы жаңа Конституцияда орын алғанын баса айтты. Сенатор Сұлтанбек Мәкежанов та Конституцияны жаңғырту қазіргі заман талаптары мен қоғамның даму сұранысына байланысты екенін атап өтті.

Сенат депутаты жаңа Конституция әрбір азаматтың мүддесін ескеретін және қоғамдық келісімді нығайтуға ықпал ететін құжат болуы тиіс екені туралы айтты. Ол негізгі бағыттардың қатарында заң үстемдігін қамтамасыз ету және сот жүйесінің тәуелсіздігін одан әрі нығайтуды атады.

Өз кезегінде Сенат депутаты Нұрия Ниязова қоғаммен тұрақты кері байланыстың реформаларды табысты іске асыруда маңызды рөл атқаратынын тілге тиек етті.

Әзірлеген  
ТІЛШІЛЕР ТОБЫ.

## МІНДЕТ АЙҚЫНДАЛДЫ

**24 ақпанда Астанада Министрліктер үйінің ғимаратында барлық ведомстволық бағынысты аумақтық бөлімшелер мен Комитеттердің қатысуымен «Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 2025 жылғы қызметін қорытындылау және 2026 жылға арналған міндеттерді айқындау» тақырыбында алқа отырысы өтті.**



Алқа барысында еңбек, жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру нәтижелері, сондай-ақ еңбек заңнамаларының сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырудың тиімділігі талданды.

Отырыста 2025 жылы еңбек инспекциясының аумақтық бөлімшелері қызметінің басымдықтары жалақыны уақытылы төлеуді қамтамасыз ету, өндірістік жарақаттандудың алдын алу және азайту, қызметкерлердің еңбек құқықтарын қорғау, еңбек жанжалдарының алдын алу және реттеу және еңбек процестерін цифрландыруды жетілдіру негізінде қалғаны атап өтілді.

Есептік кезеңнің қорытындысы бойынша жұмыс берушілермен профилактикалық жұмыс күшейтілді, азаматтардың өтініштерін заңнамада белгіленген мерзімде қарау қамтамасыз етілді, жалақы бойынша берешекті төмендету бойынша шаралар қабылданды, еңбекті қорғау және жалпы ҚР еңбек заңнамасының талаптарын сақтау мәселелері бойынша тексерулер жүргізілді.

Алдағы кезеңге арналған міндеттерді талқылау шеңберінде 2026 жылға арналған жұмыстың келесідей бағыттары айқындалды:

– мемлекеттік бақылау және бұзушылықтардың алдын алу тиімділігін арттыру;

– өндірістік жарақаттану деңгейін одан әрі төмендету;

– еңбек қатынастарын цифрландыруды және деректерді ақпараттық жүйелерге енгізудің толықтығын күшейту;

– жұмыс берушілер мен қызметкерлердің құқықтық сауаттылығын арттыру;

– кәсіпорындарда әлеуметтік әріптестік пен сындарлы диалогты дамыту;

– меншік нысанына қарамастан барлық жұмыс берушілердің еңбек заңнамасын мүлтіксіз сақтау қажеттілігі жеке атап өтілді.

2026 жылы қойылған міндеттерді іске асыру әлеуметтік тұрақтылықты одан әрі нығайтуға, азаматтардың қорғалу деңгейін арттыруға және еңбек заңнамасын сақтау мәдениетін дамытуға бағытталатын болады.

**К.САЙЛАУОВ,  
«ҚР ЕжХӘҚМ Мемлекеттік еңбек инспекциясы Комитетінің Алматы қаласы бойынша департаменті» басшысының м.у.а.**



# ТҮРЛІ САЛА – ОРТАҚ МАҚСАТ

## Қоғамдық топтар реформаға үн қосты

**15 наурызда өтетін республикалық референдум жақындаған сайын Алматыда қоғамдық талқылар қыза түсті. Кездесулерде жаңа Конституция жобасының мәні әр қырынан, әр сала тұрғысынан талқыланып, қоғамдық топтар өз қолдауларын білдірді. Тілшілеріміз қатысқан кездесулердің реті төмендегідей.**

### Өзгеріс – заман талабы

Алматыда ҚР Парламенті Сенатының депутаты Сұлтанбек Мәкежанов аға буын өкілдерімен кездесті. Жиын барысында сенатор Конституциялық өзгерістерге қатысты қоғамда жиі қойылатын сауалдарға тоқталды.

«Республикалық референдум – мемлекеттің болашағына қатысты шешімді халықтың өзі қабылдайтын тетік. 1995 жылы қабылданған Ата Заң тәуелсіздіктің алғашқы кезеңінде мемлекетіміздің іргесін бекітуге қызмет етті. Ол кезде басты құндылық – егемендікті нығайту, мемлекеттілікті қалыптастыру еді. Ал бүгінде қоғам, экономика, ғылым мен технология қарқынды дамыды. Заман өзгерген сайын құқықтық негіз де жаңарып отыруы тиіс. Жаңа заң – болашақтың Конституциясы. Бұл құжат біздің ғана емес, балаларымыз бен немерелеріміздің өміріне қызмет етуі керек», – деді сенатор.

Кездесуде сенатор кейінгі жарты жыл ішінде ауқымды жұмыс жүргізілгенін атап өтті. Әрі ұсынылып отырған өзгерістердің мәні тек баптарды түзету емес, заман талабына сай, халықтың сұранысына жауап беретін құқықтық жүйе қалыптастыру екенін баса айтты.

### Еңбек адамдары реформаны қолдады

Парламент Сенатының депутаттары Сұлтанбек Мәкежанов және Марат Қожаев Алматы локомотив пайдалану депосының еңбек ұжымымен де кездесті. Депо жұмыскерлерімен кездесу барысында сенаторлар конституциялық реформаның мәні мен маңызына тоқталып, жаңа Конституцияда азаматтардың құқығы мен әлеуметтік кепілдіктерін күшейту мәселесіне басымдық берілгенін атап өтті. Сонымен қатар, еңбек адамының мәртебесін арттыру, өндірістік қауіпсіздік туралы да кеңінен әңгімеленді.

«Жаңа Ата Заң – болашақтың заңы. Біз үшін қазіргі күні адам өмірі, еркіндігі, қауіпсіздігі, құқығы ең басты құндылық болып отыр. Елдің даму бағытын ұзақ мерзімге айқындап беретін бұл реформа біздің баршамыздың болашағымызға кепіл бола алатыны сөзсіз», – деді Сенаттың қаржы және бюджет комитетінің төрағасы Сұлтанбек Мәкежанов.

«Әділетті және прогрессивті Қазақстанның халықтық Конституциясы үшін!»



Жалпыұлттық коалициясының өкілдерімен кездесу еркін пікір алмасу форматында өтіп, жұмыскерлер көкейдегі сауалдарын тікелей қою мүмкіндігіне ие болды. Сондай-ақ, Алматы локомотив депосының ұжымы алдағы 15 наурызда өтетін Референдумды қолдайтынын білдірді.

### «Ақсай нан» атсалысты

Алматы қаласында «Ақсай нан» кәсіпорнының еңбек ұжымының қатысуымен Қазақстан Республикасының жаңа Конституция жобасына арналған кездесу өтті. Басқосу барысында өндіріс саласында адал еңбек етіп жүрген жұмысшылар елдің болашақ дамуына әсер ететін Конституциядағы өзгерістер жайлы өз ойларын айтты. Олар ұсынылған өзгерістердің қоғамдағы әділдікке, заңның үстемдігіне және адамдардың құқықтарын қорғауға қаншалықты пайдалы екенін атап өтіп, жаңа Конституция елдің әлеуметтік және экономикалық дамуына серпін беретініне сенім білдірді.

Сондай-ақ, жұмысшылар мемлекеттегі өзгерістердің ашық өтетініне және халық өз шешімдеріне қатыса алатынына ерекше мән беріп, алдағы республикалық референдумға белсенді түрде қатысып, өз азаматтық ұстанымдарын білдіруге дайын екендерін жеткізді. Кездесу қорытындысы бойынша «Ақсай нан» еңбек ұжымы Қазақстан Республикасының жаңа Конституция жобасын қолдайтындарын мәлімдеді.

### Әйелдер қанаты ұсыныстарын білдірді

Алматы қаласында «Әділетті және прогрессивті Қазақстанның Халықтық Конституциясы үшін!» атты Жалпыұлттық коалиция өкілдерінің «AMANAT» партиясы жанындағы Алматы қалалық филиалының Әйелдер қанаты мүшелерімен кездесуі өтті.

Коалиция өкілдері Конституциялық

реформалардың мазмұны мен маңызын кеңінен түсіндіріп, Халықтық Конституцияның ел дамуы үшін стратегиялық рөлін атап өтті.

Алматы қаласы Мәслихатының депутаты, Әйелдер қанатының төрағасы Алтынай Көбеева жаңа құжаттың көпдеңгейлі талқылаулар мен жан-жақты құқықтық сараптама нәтижесінде жетілдірілгенін, сол арқылы жаңа институционалдық негізін айқындайтын стратегиялық жобаға айналғанын атап өтті.

Кездесу барысында қатысушылар әлеуметтік әділеттілік, әйелдердің қоғамдық-саяси өмірдегі белсенділігі, азаматтық жауапкершілік пен заң үстемдігі мәселелерін талқылады. Әйелдер қанатының мүшелері өз ой-пікірлерін білдіріп, ұсыныстарын ортаға салды.

### Оқытушылармен ой бөлісті

Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінің ұжымы жаңа Конституция жобасына байланысты жалпыхалықтық коалиция мүшелерімен кездесті. Іс-шараға ҚР Сенатының депутаттары Сұлтанбек Мәкежанов, Дархан Қыдырәлі, Нұрия Ниязова, ҚазҰАЗУ басқарма төрағасы-ректордың бірінші орынбасары Пірімқұл Ибрагимов, қалалық мәслихат депутаттары Қарашаш Жүзеева, Елена Тё қатысты.

Кездесу барысында университеттің оқытушылық құрамына қолданыстағы жаңа Конституция жобасының қабылдаудың маңыздылығы түсіндіріліп, Ата Заңға енгізілетін жаңа ұғымдар мен шешімдер таныстырылды. Сенатор Сұлтанбек Мәкежанов жаңа Конституция жобасын әзірлеп, оны қоғамдық талқылауға шығарып, қабылдаудың маңыздылығын түсіндірді.

Дархан Қыдырәлі қолданыстағы Ата Заң мен жаңа Конституция жобасының мәтініндегі айырмашылықтарға тоқталды. Ол қолданыстағы Конституцияның «көпұлтты Қазақстан халқы» деген тіркес «біртұтас Қазақстан халқы» деп өзгертіл-

генін атап өтті. Сондай-ақ, сенатор адамның ар-ұжданы, қадір-қасиеті, сенімі, бостандығы, өміріне қол сұғылмаушылық, сөз бостандығы, адамға қатысты барлық еркіндіктер мен бостандықтар Конституцияның басты құндылығы ретінде көрсетілгенін айтты.

### Спортшылар жаңа Конституция жобасын талқылады

Түрксіб ауданында «Құлагер» денешынықтыру-сауықтыру орталығында спортшылар жалпыұлттық коалиция мүшелерімен кездесті. Іс-шараға ҚР Сенатының депутаттары Марат Қожаев, Жанна Асанова, Алматы мәслихатының төрағасы Мейіржан Отыншиев қатысты.

Кездесу барысында жаттықтырушылар мен спортшыларға жаңа Конституция жобасының мазмұны таныстырылып, енгізілген өзгерістер түсіндірілді. Жанна Асанова талқылауға шығарылған жаңа Ата Заң адамға бағдарланғанын атап өтті.

Ал Алматы мәслихатының төрағасы Мейіржан Отыншиев Ата Заңның кіріспесі, преамбула өзгертіліп, оған еліміздің құндылықтары енгізілгенін айтты. Сондай-ақ, енді халықаралық ратификацияланған құжаттардан өз Конституциямыз басым болатынын түсіндірді.

– Қолданыстағы Конституциямыздан халықаралық келісімдер жоғары тұратын. Енді біздің Конституцияның құндылықтары жоғары болады, – деді коалиция мүшесі ретінде Мейіржан Батырбекұлы.

### Заңгерлер сарапқа салды

Қонаев университетінде жаңа Конституция жобасы талқыланды. Жиынға ҚР Парламенті Сенатының депутаты Жанна Асанова, «Аманат» партиясы Алматы қалалық филиалының төрағасы Станислав Канкуров, Қонаев университетінің президенті Өмірәлі Жалаири және жалпыхалықтық коалиция мүшелері, жоғары оқу орнының оқытушылық құрамы, студенттер қатысты.

Кездесу барысында сенатор жаңа Конституция жобасындағы маңызды өзгерістерге тоқталып, іс-шараға қатысушылардың сұрақтарына жауап берді.

– Көп жылдардан бері заңдарымызға жиі өзгерістер енгізіліп келді. Ата Заңымызда да сондай өзгерістер болған екен. Сондықтан кей тұстары заңгерлік техникадан алшақтап кеткен. Соның бәрін мұқият сараптап, бәрін қалпына келтіріп, осы жаңадан Конституция жобасында жазылды, – деді ол.

Ал «Бұл жолы біз тек өзгерістер енгізумен шектелмей, халықтың қалауымен жаңа Конституцияға бет алдық» деген Қонаев университетінің президенті Өмірәлі Жалаири жаңа Конституция жобасы қатысты пікір білдіріп, бұл өзгерістер уақыт талабы мен қоғамдық қатынастардың даму заңдылығы екенін айтты.

Әзірлеген  
ТІЛШІЛЕР ТОБЫ.



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.



Суреттерді түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

## ЭТИКА НОРМАЛАРЫ – СЕНІМ КІЛТІ

**Алматы қаласында мемлекеттік ақпарат саласын жетілдіруге арналған мазмұнды кездесу өтті. Іс-шараға Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Алматы қаласы бойынша департаментінің басшысы Еркеболат Нұржігітов қатысып, маңызды бағыттар бойынша баяндама жасады.**



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

## ЖАСТАРҒА – ЖАҢА МҮМКІНДІК

**Жастарға қолдау көрсетіп, мүмкіндік ашуда Алматы тағы көш бастады. Қаламызда алғаш рет Жастардың үкіметтік емес ұйымы құрылмақ. Сонымен қатар, жаңа орталықтар ашу, жобалардың ауқымын кеңейту және кеңес беру көлемін арттыру жоспарланып отыр.**

Алматы қалалық Жастар саясаты басқармасының өкілдері таратқан мәлімет бойынша Алатау, Алмалы, Әуезов, Бостандық және Түркісіб аудандарында бес жаңа жастар комьюнити-орталығын іске қосу көзделген. Жаңа алаңдар ашылғаннан кейін қала бойынша олардың жалпы саны 16-ға жететін болады.

Осылайша инфрақұрылымды кеңейту нәтижесінде жастарды қамту көрсеткіші 570 мыңнан кемінде 700 мың адамға дейін ұлғаймақшы.

Жалпы, комьюнити-орталықтар базасында кемінде 3 мың іс-шара өткізу жоспарланған. Сонымен қатар, жұмыспен қамту, психологиялық және құқық-

тық қолдау бағыттары бойынша көрсетілетін кеңес саны 22 мыңнан асады. Бұған қоса, қалада алғаш рет кемінде сегіз жастар үкіметтік емес ұйымын құру және дамыту жоспарланып отыр.

Олар экологиялық, патриоттық, еріктілік және басқа да бағыттарда жұмыс істеп, комьюнити-орталықтардың қолдауымен жобалық командалар ретінде қызмет атқарады. Әрі бұл ұйымдар жастармен бірге қала деңгейіндегі мәселелерді бірлесіп шешуге мүмкіндік береді.

## ЦИФРЛЫ ДОДА

талантты студенттердің басын қосты

**Алматыда Цифрландыру және жасанды интеллект жылы аясында ерекше иновациялық дода – «BilimHack Almaty – 2026» хакатоны өтті. Қалалық Білім басқармасының бастамасымен ұйымдастырылған ауқымды іс-шара екі күнге жалғасып, мегаполистегі 38 колледжден 200-ден астам студент қатысты.**

Цифрлық бәсеке жас буынның ойлау қарқынын, цифрлы дәуірге бейімділігін, жасанды интеллектті меңгеруге деген құлшынысын көрсеткен алаң болды. Себебі, екі күн бойы олар технологиялық стартапер рөлін сынап, өз идеяларын нақты жобаға айналдыруға талпынды.

Хакатон аясында қатысушылар жасанды интеллект технологияларын пайдалана отырып, білім беру процесін цифрландыру; инклюзивті және қолжетімді білім беруді дамыту; білім алушыларды кәсіптік бағдарлау және білім берудің қазіргі еңбек нарығының талаптарымен байланысын нығайту сынды тапсырмалар бойынша жобалар ұсынады. Яғни бұл бастама білім сапасын арттыру, қолжетімділікті кеңейту мүмкіндіктерін цифрлық технологиялар тармағынан табуға, сол арқылы заманауи цифрлық орта қалыптастыруды көздеген.

Сайыста ұсынылған кез келген жобаның өзіндік әлеуметтік маңызы жоғары болуы мүмкін. Сондықтан ұйымдастырушылар жүлде қорын 1 миллион теңге

көлемінде белгіледі. Мұндай ынталандыру цифрлық салаға бейім жастарды бәсекеге барынша белсенді ете түскен.

Жалпы саны 72 команда сайысқа қатысып, 38 команда шешуші кезеңге өткен. Соңында 3 жеңімпаз команда жүлдеге қол жеткізді.



## ТӘРТІП БОЛМАСА – ТАБЫС ЖОҚ


Әлем чемпиондарымен кездесу өтті

**Алматы қаласы Ішкі саясат басқармасы Қоғамдық даму орталығының қолдауымен Принтмедиа технологиялар колледжінде «Заң және тәртіп» қағидатын ілгерілету аясында тағылымды мотивациялық кездесу өтті. Іс-шараға бокстан әлем чемпионы, Қазақстанның еңбек сіңірген спорт шебері Назым Қызайбай және халықаралық турнирлердің жүлдегері, ұлттық құраманың мүшесі Алуа Балқыбекова арнайы қатысып, жастармен ашық форматта әңгіме өрбітті.**

жетістіктің түп негізіне темірдей тәртіп пен өз мақсатына адалдық жатады. Студенттер өздерін толғандырған әрі қажетті сұрақтарын қойып, қызықты пікір алмасу орнады. Нәтижесінде қонақтар жастарға үлкен мотивация сыйлады.

– «Мемлекет басшысы «Заң және тәртіп» идеологиясы аясында қоғам үшін маңызды іс-шараларды жүйелі түрде өткізуді тапсырды. Заң үстемдігі бар жерде әділетті қоғам қалыптасады. Біз Алматы қаласы Ішкі саясат басқармасына қарасты Қоғамдық даму орталығымен бірлесе отырып, өз саласында биік жетістікке жеткен тұлғаларды жастармен кездестіріп келеміз.

Бұл кездесулер студенттерге тек мотивация беріп қана қоймай, заңға құрметпен қарау, азаматтық жауапкершілікті сезіну секілді құндылықтарды қалыптастыруға ықпал етеді. Кездесу кезінде студенттер белсенділік танытып, спортшыларға ғана емес, елдегі құқықтық өзгерістер мен Конституцияға қатысты да сауалдар қойды. Бұл жастардың қоғамдық процестерге бей-жай қарамайтынын, азаматтық ұстанымы қалыптасып келе жатқанын аңғартты», – деді Принтме-



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

диа технологиялар колледжі директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Айдар КҮНТУБАЙ.

«Тәртіп, табандылық, тағылым» тақырыбында өткен кездесудің негізгі мақсаты – жастар арасында құқықтық мәдениетті қалыптастыру, «Заң және тәртіп» қағидатын насихаттау, салауатты өмір салтын дәріптеу және спорттағы жетістіктер арқылы табысқа жетудің маңызын түсіндіру.

Бетті әзірлеген Рая ЕСКЕНДІР.

Аяжан  
СЕРІКҚЫЗЫ

Кездесу барысында спортшылар өз өмір жолындағы қиындықтар мен жеңістер туралы ой бөлісіп, төзімділік, психологиялық дайындық, уақытты тиімді басқару секілді дағдылардың тек спортта ғана емес, күнделікті өмірде де аса маңызды екенін атап өтті. Әлем чемпиондарының айтуынша, кез келген



## ТІЛШІ ТАЛДАУЫ

**Қазіргі қоғамда білім беру форматы түбегейлі өзгеріп келеді. Бұрын білім сыныпта, тақта мен бордың арасында берілсе, бүгін ол көшеде, телефон экранында, әлеуметтік желілерде жаңа форматта ұсынылып жатыр. Қала ішінде жүрсеңіз, сауда орталықтарында, саябақтарда немесе мектеп маңында микрофон ұстап, оқушыларға сұрақ қойып тұрған адамдарды жиі байқайсыз. «Үш сұрақ қоямын, дұрыс жауап берсең – сыйлық бар» деген ұсыныс балаларды бірден елең еткізеді.**

Аяжан  
СЕРІКҚЫЗЫ

Сол секілді, әлеуметтік желілерде, әсіресе, ҰБТ-ға дайындайтын және қосымша білім беретін орталықтардың парақшаларында дәл осы формат кең таралған. Қысқа видео, жеңіл сұрақ, жылдам жауап және сыйлық. Бұл – қазіргі білім беру контентінің жаңа бет-бейнесі. Алайда, бұл үрдіске қоғамда көзқарас бір-келкі емес. Бірі мұны оқушыны білімге қызықтырудың



Коллажды жасаған Нұрбосын ӨРІСҮЛЫ

# СЫЙЛЫҚҚА СҮЙЕНГЕН САНА

## мотивация ма, манипуляция ма?

заманауи жолы десе, енді бірі білімді арзандатып, оны шоу мен жарнама құралына айналдыру деп бағалайды. Сонда бұл тәсіл шынымен пайдалы ма, әлде зияны басым ба?

### Экранға көшкен ұрпақ

Бүгінгі оқушы – цифрлық ортада өскен ұрпақ. Ол ақпаратты ұзақ мәтіннен емес, қысқа видео мен визуал арқылы қабылдайды. Инстаграм мен TikTok – олардың негізгі ақпарат алаңы. Қазіргі кезде мұғалімнің 45 минуттық сабағы кейде 30 секундтық видеодай әсер қалдырмайды. Бұл ащы болса да шындық. Осы өзгерісті сезінген білім беру орталықтары да өз стратегиясын қайта қарауға мәжбүр болды. Бұрын тек сыныпта ғана оқытса, енді әлеуметтік желіде де «сөйлей» бастады. Яғни білім беру контенті трендке айналды. Оқушыларға арналған парақшалар, ұстаздардың жеке блогтары, викториналар мен челленджер көбейді.

Оқушыларды сыйлықпен қызықтыру қаншалықты дұрыс деген сұрақ туындайды. Сыйлық ұсыну – адам психологиясына ең тез әсер ететін құралдардың бірі. Әсіресе, балалар үшін. Оқушы сыйлықты көрген сәтте жауап беруге барын салады. Бұл – сыртқы мотивацияның айқын көрінісі. Психологтар мотивацияны екіге бөледі: ішкі және сыртқы. Ішкі мотивация – адамның өз қалауымен, қызығушылығымен әрекет етуі.

Ал сыртқы мотивация – марапат, сыйлық, баға,

мақтау арқылы ынталандыру. Сыйлыққа негізделген білім беру форматы көбіне сыртқы мотивацияға сүйенеді. Бұл оның ең әлсіз тұсы. Себебі, сыйлық жоқ жерде қызығушылық та жоғалуы мүмкін. Оқушы «неге оқуым керек?» деген сұраққа емес, «маған не береді?» деген ойға үйреніп кетуі де ықтимал. Бір жағынан бұл тәсілді толығымен жоққа шығаруға болмайды. Себебі, сыйлық – тек бастапқы қадам. Ол баланы білім әлеміне жетелейтін есікті ашуы мүмкін. Ал ары қарай ішкі мотивацияны қалыптастыру – ұстаздың, орталықтың, контент жасаушының міндеті.

### Әлеуметтік желі – жау емес, мүмкіндік

Кейбір ата-аналар мен ұстаздар әлеуметтік желіні білімнің басты жауы ретінде көреді. Балам ҰБТ-ға дайындалудың орнына көбіне телефонда отырады деп жатады. Алайда, бүгінгі шындық мүлде басқа. Әлеуметтік желіні алып тастау мүмкін емес. Ендеше, оны тиімді пайдалану қажет.

**Осы бағытта Ерлан КОПЕЙСИНОВ, EDUKEY білім беру орталығының негізін қалаушысы әлеуметтік желінің мүмкіндігіне ерекше мән береді:**

– Қазіргі таңда білім беру контенті әлеуметтік желілерде үлкен трендке айналды. Әлеуметтік желі қолданушыларының саны күн сайын артып келеді, ал оқушылардың басым бөлігі ақпаратты дәл осы Инстаграм мен ТикТок арқылы қабылдайды. Сондықтан бұл мүмкіндікті білім сапасын арттыру үшін

тиімді пайдалану маңызды. Оқушылардың қызығушылығын арттырудың бір жолы – түрлі сұрақтар, викториналар, қысқа тапсырмалар ұйымдастырып, дұрыс жауап бергендерге сыйлықтар ұсыну. Мұндай әдіс балалардың белсенділігін көтеріп, білім алуға деген ынтасын күшейтеді. Әлеуметтік желі тек ақпарат таратумен шектелмейді, пікір алмасуға мүмкіндік береді және заманауи форматта оқуға жағдай жасайды. Сондықтан әлеуметтік желіні тек ойын-сауық құралы емес, білім мен дамудың тиімді алаңы ретінде пайдалану – бүгінгі күннің маңызды бағыты. Оқушыларды білімге қызықтыру үшін креативті тәсілдер қолдану, мотивация беретін тапсырмалар мен марапат жүйесін енгізу – сапалы білімге жетудің заманауи жолы», – дейді ол.

Шынында да, әлеуметтік желі – жаңа буынның тілі. Сондықтан мұндай тәсілдердің оң тұстары жетерлік екенін байқауға болады. Біріншіден, оқушылар білімнен қорықпайды. Екіншіден, қателесуден ұялмайды. Үшіншіден, білім күнделікті өмірдің бір бөлігіне айналады. Кейбір оқушылар дәл осындай видеолар арқылы өз біліміндегі олқылықты байқап, кейін тереңірек оқуға қызығушылық танытады. Бұл – аз емес нәтиже.

**Түйіндей келе, қазіргі оқушыны кешегі әдіспен оқыту мүмкін емес екендігін түсінеміз. Оқушының қабылдау тәсілі, ақпарат алу көзі, қызығушылық тетігі бұрынғыдан мүлде бөлек. Сондықтан мұндай заманауи форматтарды біржақты теріске шығармау қажет. Ең бастысы, мазмұн сапасы мен педагогикалық жауапкершілік. Әлеуметтік желі ойын-сауық алаңы ғана емес, дұрыс қолданылған жағдайда тиімді білім беру платформасына айнала алады. Сондықтан креативті форматтар мен заманауи әдістерден қашпай, оларды сапалы білімге қызмет еткізу – бүгінгі білім саласының басты бағыты.**

## «АҚШАМ» АРҚЫЛЫ АЙТАМЫЗ

# БІР ЖЫЛҒА ЖЕТПЕЙ БҮЛІНДІ

## Тұрғындар сапасыз жұмысты қайта жөндеуді талап етті

**Наурызбай ауданының «Қарағайлы» шағынауданы тұрғындарын сапасыз инфрақұрылым мәселесі сарсаңға салды. Тәжиев көшесінің бойына былтыр ғана төселген жаяу жүргіншілер жолындағы плитканы қазірдің өзінде опырылып, жарамсыз күйге түскен.**

Дана  
САДЫРҚАН

Аталған мәселе бойынша тұрғын Қуантай Бұлтақбаева редакцияға хабарласып, көшедегі жағдайды баяндап берді.

Оның айтуынша, Тәжиев көшесінің 112-үйінен 220-үйіне дейінгі аралыққа 2025 жылдың қысында тротуар плитканы төселген. Алайда, арада бір жылға да жетпей, плитканың барлығы дерлік көтеріліп, сынып кеткен.

– Көшемізге бұл тасты былтыр қыста ғана төсеген еді. Жазда қайта қалыпқа келтірді. Енді, міне, көктем жа-

қындағанда қайтадан опырылып жатыр. Инфрақұрылым жаңартылғанына бір жыл да болған жоқ. Сол тасты төсеу үшін жұмысшылар екі жыл еңбек етті. Бірақ нәтиже көңіл кеншітпейді. Плитканың бәрі сынып кеткен, жүрсең шалынып құлап қаласың, – дейді тұрғын.

Сондай-ақ, тротуар бойына жарық шамдары орнатылғанымен, олардың да жұмысы тұрақсыз. Тұрғындардың айтуынша, шамдар тек алғашқы бір-екі ай ғана жанып тұрған, кейін жиі сөніп қалатын болған.

– Таңның атысымен жұмысқа шығамыз, кешке қайтамыз. Қариялар, жас

аналар мен бүлдіршіндер үшін бұл жолмен жүру өте қиын. Қараңғы әрі қауіпті. Балалар алаңқайлары мен спорттық алаңдар орнатылғаны қуантады. Бірақ көше бойындағы асфальт тас сапалы болмаса, оның игілігін көру қиын, – дейді Қуантай Бұлтақбаева.

Тұрғындар жергілікті жауапты мекемелерден Тәжиев көшесіндегі тротуар плитканы қайта жөндеп, сапасын бақылауға алуды сұрайды. Не дегенмен, бюджет қаржысына жасалған жұмыс ұзақ жылдарға шыдас беруі тиіс емес пе?!

Сапасыз инфрақұрылым мәселесі бойынша Наурызбай ауданы әкімдігімен байланыстық. Билік өкілдері тұрғындардың жанайқайына құлақ түріп, жол проблемасының көктемнің алғашқы айларында шешілетінін жеткізді. Ағынан жарылған шенділердің уәделеріне сенейік.





1 НАУРЫЗ – АЛҒЫС АЙТУ КҮНІ

# МЕЙІРІМ МЕРЕКЕСІ

ҚР Ұлттық ұланы №5571 әскери бөлімінде Қазақстан халқы Ассамблеясы жанындағы Алматы қаласының Аналар кеңесінің ұйытқы болуымен Алғыс айту күніне арналған мерекелік концерт өтті.



Гүлжанат МАРАТҚЫЗЫ

Ұйымдастырушылар рухани-адамгершілік құндылықтарды дәріптеу және ұландықтарға ұлттық қауіпсіздік пен қоғамдық тыныштықты қамтамасыз етудегі адал қызметі үшін алғыс білдіруді мақсат еткен.

Концерт барысында Алматы қаласындағы этно-мәдени бірлестіктердің шығармашылық ұжымдары өнер көрсетіп, патриоттық әндер шырқалды. Сондай-ақ, халық билері мен аспаптық шығармалар орындалды.

Іс-шара соңында әскери бөлім басшылығы концертке қатысқан өнерпаздарға Алғыс хаттар табыстап, ризашылығын білдірді.

**Зульфия ХУСЕИНОВА, Аналар кеңесінің төрағасы:**



**Қиын шақта құшағын ашқан елге рахмет**

Кеңес дәуірі кезінде көптеген этнос тарихи отанынан Орта Азияға, соның ішінде Қазақстанға күштеп жер аударылды. Мен – түрік этносының өкілімін. Менің де халқым 1944 жылы қазақ жеріне депортацияланды. Бала күнімде ата-әжемнен қазақ халқының кеңпейлділігі туралы көп естіп өстім. Үлкендеріміз қазақ туралының қиын кезеңде қалай бауырына басқанын үнемі ризашылықпен айтып отыратын. Атам сол жылы 14 қарашада жолға шығып, араға бір ай салып 12 желтоқсанда қазақ жеріне жеткен. Сол жолда талай адам ата-анасынан, бауырларынан айырылды. Менің атам да жетім қалып, қазақ жерінде ұйғыр отбасында тәрбиеленді. Қазақ халқы өзге ұлт өкілдеріне құшағын ашып, барын бөлісті. Сол кеңдік пен қайырымдылықтың арқасында бүгінде көптеген халық бір шаңырақ астында тату-тәтті өмір сүріп келеміз.

Алғыс айту күнінің маңызы да дәл осы тарихтан бастау алады. Бірлік пен бауырмалдықты, мейірім мен өзара құрметті ұлықтайтын күн. Бұл күн – өткенге тағзым етіп, жақсылық жасаған жандарға ризашылық білдіретін, ұлт пен ұлысты ұйыстыратын ерекше мереке.

Сондықтан осы сәтте қазақ халқына деген зор алғысымды білдіремін. Қиын заман да пана болып, талай жанға тірек бола білген кең жүректі халыққа басымды иемін!

ТУРИЗМ



# Биік таулар бесігінде Нарын сапарының естеліктері



**Ақпанның орта шенінде Қырғызстанға жолымыз түсіп, «Нарын – қыш кереметі» халықаралық турына қатысып қайттық. Нарын өңірінің қысқы туризмнің әлеуетін кеңірек танытуға бағытталған бұл турды Қырғызстанның Нарын облысы Қырғыз Республикасының Алматы қаласындағы Бас қосулдығының қолдауымен ұйымдастырған болатын.**



Гүлжанат СЕМБАЕВА

Үш күндік сапар барысында Қазақстан, Өзбекстан, Қытай, Ресей, Сербия және Қырғызстаннан келген блогер-саяхатшылар, туристік компания өкілдері, кәсіпкерлер мен БАҚ өкілдері – жалпы 38 саyahтшы Нарын өңірінің таби-

ғаты, этно-мәдениеті және гастрономиялық ерекшеліктерімен танысты.

Нарынның географиялық орналасуы, табиғи тартымдылығы, тарихи-мәдени мұраларының молдығы мен сәулеттік ерекшелігі өңірдің туристік әлеуетінің аса қуатты екенін аңғартты. Өңір туралы айтқанда, бірінен-бірі асып түсетін, бірінде жоқты бірі толықтыратын аумақтар мен нысандарды шабыттана жазуға болады.

Діттеген жеріміз – облыс орталығы Нарын қаласы. Алматыдан Бішкекке жеткен соң, ары қарай ұшақпен баруымыз керек еді. Бірақ ауа райының қолайсыздығына байланысты ұшақ ұшпайтын болып, жолға автобуспен шығуға тура келді. Әуелде туристерге ыңғайсыз болғанымен, кейін оның өзі сапардың ең әсерлі сәттерінің біріне айналды. Өйткені, Нарын қаласына ұшақпен барсақ, жолдың екі жағын жайлаған, құзар шығын мәңгіге қар басқан асқар таулардың, шатқалдар мен жота-жотаны көмкерген ғажайып көріністерді тамашалап, көз суару бақыты бұйырмас еді.

**«Қырғыз Сібірі»**  
Нарын облысы – Қырғызстандағы жеті облыстың ішіндегі аумағы жағынан ең үлкен әрі биік таулы аймақтарының бірі. Бұл өңір теңіз деңгейінен орта есеппен 2000 метрден жоғары орналасқан. Қытымыр қысымен ерекшеленетін Нарынды жергілікті халық «Қырғыз Сібірі» деп атайды. Ал

жазда Нарын мүлде басқа кейіпке енеді дейді. Мұнда елдің оңтүстігіндегідей аптап ыстық болмайды. Табиғаты Қазақстанның Нарынқолына ұқсас, алты ай қыс, күн түсуі қиын жер.

Көркем табиғатымен көз тартатын Нарындағы қар жамылған асқар таулар, жоталар мен кең аңғарлар, өзен-көлдер қысқы туризмді дамытуға сұранып-ақ тұр. Бұл үш күндік халықаралық турдың мақсаты да осы еді. Элемге Қырғызстанның Нарын өлкесін таныту, туристік әлеуетін дамыту.

Аймақ арқылы әйгілі Торугарт асуы өтеді, бұл – Қытаймен шектесетін стратегиялық маңызы бар бағыттардың бірі. Сондай-ақ, Нарын өңірінде табиғи сұлулығымен танылған Сон-Көл көлі орналасқан. Нарынның сұлу табиғаты фото және видео контент жасаушылар үшін де тартымды. Тур барысында блогерлер мен медиа саласының өкілдері аймақтың қысқы келбетін таспалап, халықаралық аудиторияға таныстыруға мүмкіндік алды.

Таза ауасы мен өндірістік жүктеменің аздығы – Нарынның басты артықшылықтарының бірі. Ғасырлар бойы сақталған салт-дәстүр, көшпелі мәдениет, қолөнер мен ұлттық тағамдары кез келген туристі тартады. Табиғаттың сұлулығы мен ұлттық болмыстың үйлесімі Нарын облысының туристік әлеуетін одан әрі арттыра түсетіні сөзсіз.



## Этнотуризм мен гастрономиялық мәдениет

Сапарымыз тек тау туризмімен шектелген жоқ. Қырғыз халқының дәстүрлі тұрмыс-тіршілігімен етене танысып, ұлттық мәдениеті, қолөнері мен салт-дәстүрлерін көзбен көрдік. Әсіресе, жергілікті тұрғындардың дархан көңілі мен қонақжайлылығы ерекше әсер қалдырды. Өңірдегі өнерпаздар әр барған жерімізде сән-салтанатпен қарсы алып, дәстүрлі әндерін әулетіне шырқайды. Қобыз бен қомыздың сарыны, күй мен әуен арқылы әр қонаққа құрмет көрсетіп, халықтың бай мәдениетін айқыптағандай болды.

Қырғыз халқының ұлттық спортты – көк бөруні тамашалаудың дәстүрі – бұл туристерге арнайы ұсынаған шоу емес, көшпелілер дәуірінен келе жатқан төл дәстүр, мыңжылдық рух. Көк бөру – қырғыз халқы үшін батыр бабалардың ерлігін жаңғыртатын қасиетті ойын. Гастротуризм бағытында да аймақтың әлеуеті анық сезілді. Қонақтарға ұлттық тағамдар ұсынылып, ет асу дәстүрі көрсетілді, жергілікті сүт өнімдерінің дайындалу ерекшеліктерімен таныстық. Құрт пен май, бозо мен курай шай секілді табиғи өнімдерден бастап, жаңа сойылған малдың етінен дайындалған асқа дейін ұсынды. Табиғи, таза тағамдар – Нарын асханасының басты ерекшелігі әрі өңірдің гастрономиялық бренді деуге негіз бар.

## Табиғат пен тарихты тоғыстырған Таш-Рабат

Нарын аймағында біздің сапарымыздың ерекше көрікті әрі тарихи нүктесі – Таш-Рабат архитектуралық ескерткіші болды. Керуен сарай Қырғызстанның Ат-Башы ауданында 3500 метр биіктікте орналасқан және Орта Азиядағы ортағасырлық архитектура мен сауда мәдениетінің маңызды ерекшелігі саналады. Таш Рабаттың тарихи көне заманнан шамамен, XV ғасырдан басталады.

## ҚОНАҚ ЛЕБІЗІ

Степан ЖАРАТМАН, блогер:



**Қырғыз даласының қаймағы...**  
Қазір жергілікті туристерді қабылдау бағытындағы жобамен айналысып жүрмін. Бұл инфо-турға қатысу мен үшін үлкен қуаныш. Шынымды айтсам, ұйымдастыру деңгейі өте жоғары – барлығы кәсіби, сапалы әрі мазмұнды өтті. Егер дәл осындай қызмет көрсету деңгейі туристік компанияларда да тұрақты жолға қойылып, өңірдегі туризмнің сапасы әлдеқайда жоғары болар еді.


Мен Қырғызстанның біраз жерін араладым, елдің әр өңірі ерекше әсер қалдырады. Бірақ Нарын – қаймақ секілді, мүлдем бөлек. Қаймақ қалай сүттің ең нәрлі, ең қою бөлігі болса, Нарын да Қырғызстанның қаймағы іспетті. Туристер мұнда келсе, сөзсіз тәнті болады. Алайда, табиғаттың сұлулығымен қатар, қызмет көрсету сапасы да жоғары болуы керек. Егер сапа төмен болса, турист кейін бұл жерге қайта оралмауы мүмкін.

Тағы бір маңызды мәселе – табиғатты қорғау. Кейбір адамдар жартастарға жазу жазып, табиғатқа зиянын тигізіп жатады. Ал мұндай әрекеттер туризмнің дамуына кедергі келтіреді. Сондықтан табиғатты аялау – бәрімізге ортақ міндет.

Мен туризмнің болашағына сенемін. Дегенмен, оны дамыту үшін тек инфрақұрылым емес, жергілікті халықтың дайындығы мен жауапкершілігі де аса маңызды.


1 НАУРЫЗ – АЛҒЫС АЙТУ КҮНІ

# СІЗГЕ ДЕГЕН ІЛТИПАТЫМ ШЕКСІЗ



Нуржамал ӘЛИШ


(Басы 1-бетте)



**Всеволод ЛУКАШЕВ, «Қазақстандық орыс мәдени орталығы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы:**

– Бұл күн бастапқыда күрделі тарихи кезеңдерде жер аударылған этностарға көрсетілген қонақжайлылық пен қолдау үшін қазақ халқына алғыс білдіретін ерекше күн ретінде қабылданған болатын. Уақыт өте келе мағынасы кеңейіп, бүгінде күнделікті өмірдегі қарапайым адам қаққорлық, көмек пен ілтипат үшін де алғыс айтамын күнге айналды.


Иә, бұл ең алдымен, қоныс аудару кезеңінде түрлі этносты қабылдаған қазақ халқына, сондай-ақ ұзақ жылдар бойы иық түйістіре өмір сүріп келе жатқан барлық халыққа деген алғыс. Біз 35 жыл бойы бірге өгемен Қазақстанды құрып келеміз және бейбітшілік пен келісімнің арқасында елдің қалай дамып жатқанын көріп отырмыз. Алғыс айту күні – жастарға болашақты қалай құру керек екендігін көрсететін үлгі. Мерекең философиясы да әр адамға түсінікті әрі қарапайым. Ол – қасындағы адамдарға және елдің ортақ игілігіне күн сайын үлес қосып жүрген жандарға алғыс айта білу.



**Долкунтай АЛИЕВ, «Қазақстан ұйғырларының республикалық мәдени орталығы» төрағасы:**

– Бұл жай ғана дәстүрлі мереке емес, аға буыннан жас ұрпаққа рухани-адамгершілік құндылығын жеткізуге ықпал ететін маңызды қоғамдық оқиға. Өскелең ұрпақты тәрбиелеуде отбасының рөліне ерекше мән беріледі. Ата-аналар мен үлкендерден жастардан үлгі алып, ұлттық дәстүрге, мәдениет пен ел тарихына құрметпен қарауды үйренуі тиіс. Бүгінде дәстүрді сақтап қана қоймай, оларды заманға бейімдеу қажеттігі де туды. Сонда жастар ел өміріне белсене араласып, өздерінің іс бітпейтінін түсіне бастайды. Түрлі қоғамдық және мәдени іс-шаралар жастардың бойында жауапкершілік сезімін, азаматтық ұстанымды және жасампаз еңбекке ұмтылысты қалыптастыруға ықпал етеді.


Бұл күн баршамызға алғыс айтуды үйретеді. Ата-ананы, үлкенді, ұстаздар мен тәлімгерлерді қадірлеп, құрметтеу керек. Бізге қолдау көрсетіп, білім берген жандардың барлығы алғысқа лайықты.



**Римма МАСИРОВА, Республикалық дүнген этномәдени орталығы төрағасының орынбасары, профессор:**

– Алғыс айту күні бізге тарихты құрметтеуді үйретеді. Жастар үшін бұл бірлік пен келісімді сақтап, нығайту қажет екенін еске салатын күн. Қазақстанның күші – көпұрлықтық – бұл өртүрліліміз, бірақ теңбіз. Әртүрлі мәдениет пен дәстүр өкілдері бір-біріне «рахмет», «спасибо» дегенде, өзара құрмет, сенім артып, достық нығайтады. Нағыз біртұтас қоғам осылай қалыптасады. Біз бұл күнге жастардың көптеп қатысуын интерактивті алаңдар, волонтерлік бастамалар және әлеуметтік акциялар арқылы күшейтіп келеміз. Бүгінде жастар мерекенің белсенді күші. Олар бірлік идеясын заманауи форматтар мен цифрлық платформалар арқылы насихаттап жатыр.

Алғыс айту бір күннен шектелмей, ұлттық мәдениеттің ажырамас бөлігіне айналып, сенім мен бірліктің берік негізі болуы тиіс деп ойлаймын.



**Рустам ҚАЙРЫЕВ, Алматы қаласы ҚХА және Қоғамдық кеңес мүшесі:**

– Тек ізп адам ғана шынайы «рахмет» айта алады. Ата-анаға – өмір сыйлағаны, ұстазға – білім бергені, дәрігерге – денсаулық, құтқарушы мен өрт сөндірушісімен – қауіпсіздігіміз үшін тәуекелге барғаны үшін, тіпті жәй ғана жол беріп, есік ашып берген бейтаныс жанға да алғыс айту керек. Осындай қарапайым дүниелер қоғамдық келісімді нығайтып, адамдарды мейірімді ете түседі.

Мереке насихаттауда жастардың рөлі ерекше. «Ассамблея жастары» жастар қанаты Алматыда жыл сайын «Алғыс қабырғасы» акциясын өткізеді. Біз «Алғыс қабырғасы» деген жазуы бар үлкен ақ бәннер орнатып, қала тұрғындарына оның бетіндегі стикерлерге алғыс сөзін жазуды ұсынамыз. Кешке қарай үлкен бәннер түрлі лебізге толып кетеді. Адамдар ата-анасына, дәрігерлерге, көршілеріне, тіпті бейтаныс жандарға алғыс айтады. Оның артында қаншама түрлі оқиға мен эмоция жатқанын көруге болады. Ал бұл «Мың алғыс», «Алғыс аукционы», «Қамқор» секілді тың жобалар жүзеге асырылуда.

Суретті түсірген Сәтін Серікбаева



# ҰСТАЗДАРҒА ЖАҢА КӨМЕКШІ:

## ЖИ-ді сабаққа енгізудің жолы көрсетілді

**Қазіргі кезеңде білім саласының ақпараттық технология дәуірі көш бастады. Алматы қаласының білім саласы қызметкерлері де әлемдік білім көшінен қалмай, жаңашылдыққа бет бұруда. Осынау ақпарат пен технология қарыштап дамыған заманда жасанды интеллект дегеніңіз таңсық ұғым емес, білімді болашаққа бастар алтын көпірге айналып отыр.**

Осы орайда Түркісіб ауданындағы №44 мектеп-гимназия шаңырағында қалалық «Мектеп + ЖИ = Болашақ командасы» тақырыбында кең көлемді семинар өтті. Оған қала педагогтері мен әдіскерлері қатысты. Бұл іс-шара білім мен тәжірибенің тоғысқан алаңына айналып, әрбір ұстаз өз білімін жетілдіруге, тәжірибесін байытуға мүмкіндік алды.

Аталған семинар мұғалімдердің цифрлық құзыреттілігін арттыру, жасанды интеллект құралдарын оқу-тәрбие үдерісіне тиімді енгізу, оқытуды дара-ландыру мен білім нәтижелерін талдаудың заманауи жолдарын көрсетуді мақсат етті. Бұл жиын жәй бас қосу емес, ұстаздар қауымына бағыт-бағдар беріп, жаңа форматтағы білім беруге бастайтын маңызды қадамға айналды.

Семинар барысында түрлі шеберсыныптар мен практикалық бағыттағы



тапсырмалар ұсынылып, жасанды интеллекттің сабақ жоспарлауда, оқушы жетістігін сараптауда, білім алушының жеке қабілетін ашудағы мүмкіндіктері кеңінен таныстырылды. Педагогтер өзара тәжірибе алмасып, жаңашыл идеяларды ортаға салды. Мұғалім жұмысының жүгін жеңілдететін, уақытты үнемдейтін цифрлық құралдар нақты мысалдар арқылы көрсетіліп, олардың тиімділігі тәжірибе жүзінде дәлелденді. Сонымен қатар, іс-шара барысында теория мен тәжірибенің біте қайнасуы аса маңызды екені байқалды. Семинарға қатысушылар жасанды интеллектті тек қосымша көмекші құрал ретінде

емес, білім сапасын арттыратын, оқу үдерісін жаңа деңгейге көтеретін пәрменді тетік ретінде қабылдады. Семинар барысында жасанды интеллекттің нақты мүмкіндіктері таныстырылды. Мәселен, оқыту материалының автоматты бейімделуі, оқушының деңгейіне қарай тапсырмаларды жекелендіру, бағалау жүйесін жеңілдету, тест нәтижелерін талдау, жедел кері байланыс беру сынды қырлары жан-жақты талданды.

«Білімдіден шыққан сөз, талаптыға болсын кез» демекші, айтылған ойлар мен ұсыныстар ұстаздарға да жаңа серпін берді. Сонымен қатар, цифрлық

✓ **БІЛЕ ЖҮРІҢІЗ**

**Салтанат БОЛҒАНОВА,**  
**№44 мектеп-гимназия басшысы:**

– Қалалық семинар білім саласындағы жаңашылдықтың жаңа кезеңін айқындаған маңызды алаң болды. Жасанды интеллекттің мүмкіндіктерін дұрыс пайдалану – болашақта сапалы білімнің негізгі тетігі екені айқындалды. Іс-шара педагогтер үшін тәжірибе алмасуға, жаңа идеяларды жүзеге асыруға серпін берді. Семинар қорытындысында қатысушылар білім беру мекемелерінде жасанды интеллектті енгізу бойынша бірқатар ұсыныстар жасады. Сондай-ақ, мұғалімдерге арналған тұрақты цифрлық біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастыру мәселесі де сөз болды.

қауіпсіздік пен академиялық адалдық мәселелері де назардан тыс қалмай, жауапты әрі саналы қолдану қажеттігі баса айтылды.

Қалалық деңгейде өткен «Мектеп + ЖИ = Болашақ командасы» семинары №44 мектеп-гимназиясының жаңашылдыққа бет алған, заман талабына сай жұмыс жүргізіп отырған білім ордасы екенін айшықтай түсті. Мұндай мазмұнды басқосулар педагогтердің кәсіби өсуіне жол ашып, білім беру сапасын арттыруға тың серпін берсе, білім мен технологияны ұштастыра білген ұстаз ғана ертеңгі күннің тізгінін ұстайтын, бәсекеге қабілетті ұрпақты тәрбиелей алатынын дәлелдейді.

## ЖОБАЛЫҚ КЕҢСЕ

**Алматы қаласы алғаш рет студенттік жатақханалар қорын ұлғайту және жаңа нысандардың құрылысын үйлестіру үшін «Жобалық кеңсе» құру жөнінде бастама көтерген еді. Алматы әкімдігі ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігімен бірлесіп, 2023-2024 жылдары жобалық кеңсе аясында 8273 орынға арналған 30 нысанды қолданысқа енгізді.**

Атап айтқанда, 2023 жылы 3969 орынды 14 жатақхана ашылса, 2024 жылы 4304 орынға арналған тағы 16 нысан іске қосылып, 2025 жылы 4500 орынды 13 жаңа жатақхана пайдалануға берілді.

Қазіргі таңда кеңсе жұмысы әлі де жалғасып жатыр. Алматы қаласы Жастар саясаты

басқармасының мәліметі бойынша, мегаполисте 221 мыңнан астам жоғары оқу орнының студенті оқиды.

Осы студенттердің 145,4 мыңы – өзге өңірлерден келген жастар көрінеді. Қазір қаладағы 136 жатақханада 46,2 мың студент орналасса, әлі де 11,6 мың орын тапшы.

## АҚЫЛДЫ БІЛІМ АЛАҢЫ

Алматыда халықаралық онлайн-форум өтті

**Қазіргі заманауи технологиялар білім берудегі жаңа әдіс-тәсілдерге жол ашты. Цифрлық платформаларды қолдану оқушылардың функционалды сауаттылығын дамыту, саралап оқыту мен жобалық жұмыстарды ұйымдастыру бағытындағы тәжірибелер аса қызығушылық туғыза бастады. Білім мекемелері алдында ең маңызды жасанды интеллект, STEM-әдістер мен инклюзивті практикаларды білім беру процесіне үйлестіріп қолдану міндеті тұр.**

Алматыда өткен STEM-білім беру интеграциясына, жасанды интеллект пен білім беру кеңістігіндегі инклюзивті тәсілдерге арналған халықаралық онлайн-форум осы бағыттағы маңызды басқосу болды. Форумның басты мақсаты – инновациялық тәжірибелерді тарату, педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру және білім сапасын жаңа деңгейге көтеру болды.

Айта кетейік, М.Мәметова атындағы №28 мектеп-лицейі ұйымдастырған ауқымды іс-шараға Білім басқармасының жаңа технологиялар ғылыми-әдістемелік орталығы қолдау көрсеткен болатын.

Форум барысында жасанды интеллект құралдарын сабақта қолдану, критериалды бағалау жүйесін жетілдіру және білім алушылардың шығармашылық қабілетін арттыру мәселелерін қозғап, инновациялық технологиялардың оқу процесінің архитектурасын қалай өзгертетінін талқылады.

Қазір №28 мектеп-лицейі «IT-мектеп және STEM-білім беру» құзыреттілігінің орталығы саналады. Лицей директоры Айсұлу Темірғалиқызының айтуынша, 2023 жылдан бері педагогтер мен оқушыларды технологиялық даму және халықаралық ынтымақтастық идеялары айналасына біріктіріп,

халықаралық конференциялар, қалалық және аудандық семинарлар, тренингтер мен подкасттарды өткізіп, жинаған озық тәжірибені педагогикалық қауымдастыққа таратуға атсалысып келеді.

Чэнь Чунг-Ан, Наньян технологиялық университетінің доценті (Сингапур) және Джордж Махвиладзе, Swiss Innovators Club (Швейцария) президенті, мемлекеттік басқару және білім берудегі ИИ мәселелерін, ал Меган Ван Фоссан, Van Fossan & Associates президенті, Университеттің өкілі Питтсбург және Карнеги-Меллон университеті (АҚШ) озық педагогикалық әдістемелерді ұсынды.

Цифрлық трансформацияның қазақстандық тәжірибесімен Amansultan платформасының негізін қалаушы Нұрлан Қиясов пен «Galamedutech» қоғамдастығының әзірлеушісі Аида Әбіләкімова бөлісті.

## Мектеп құрылысы қарқын алды



**Биылғы оқу жылында Алматыда 12 мыңнан астам орынды 7 заманауи мектеп ашылды. Жаңа білім ошақтары қаламыздың Алатау, Алмалы, Бостандық және Наурызбай аудандарында ашылып, орын тапшылығы мәселесін біршама шешті. Заманауи үлгіде салынған мектептердің артықшылықтары өте көп. Олар кең де жарық кабинеттермен, заманауи зертханалармен, цифрлық сыныптармен, спорт кешендерімен және акт залдарымен толық жабдықталған. Осылайша дәл қазір Алматының 350 мыңнан астам оқушысы сапалы білім алып жатыр.**

Бұл тұрғыда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауында «Әрбір баланың сапалы білім алуы үшін тең және заманауи жағдай жасау маңызды», – деп ерекше екіпін бергені белгілі. Алматы әкімдігі де тапсырманы дер кезінде жүзеге асырып, қалада 10,5 мың орынды тағы да 5 мектепті ашуға кірісті. Қазіргі таңда қаламызда «Келешек мектептері» ұлттық жобасы

аясында барлығы 34,8 мың орынды 21 мектеп болса, жеке инвесторлар есебінен тағы 8 мектеп бой көтереді. Бұған қоса, «1300 мектепті жаңғырту» ұлттық жобасы аясында 2027 жылға дейін 31 мектепке күрделі жөндеу жүргізілмекші. Міне, құрылысы қазанша қайнаған Алматыда мектеп тапшылығы жойылатын кез де келіп қалды.

**Бетті әзірлеген Рая ЕСКЕНДІР.**



## БРИФИНГ

# АЛМАТЫ КӨКТЕМГІ МАУСЫМҒА ДАЙЫН

**Көп ұзамай Алатау бөктеріне көктем де келеді. Алматының шуақты көктемді жанға жайлы болғанымен, құбылмалы ауа райы кейде қолайсыздықтар да алып келеді. Әсіресе, су тасқыны, көшкін қатері қай кезде де қаперде тұрғаны жөн. Сол үшін Алматының Төтенше жағдайлар департаменті өзінің көктем маусымына дайындығын пысықтады.**

ТЖД жағдайды бақылауда ұстап, қажетті шаруаларды алдын ала қолға алуға кірісті, жедел әрекет етуге күш пен құрал жағы да жеткілікті. Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз конференциясында Алматы қаласының Төтенше жағдайлар департаменті Ескерту басқармасының бастығы Алмаз Құрманов осылай деді.

Департамент мәліметінше, биыл топырақтың тоң қату тереңдігі 37–39 см-ден аспайды, бұл қолайлы көрсеткіш, еріген қар суының тез сіңуіне мүмкіндік береді.

«Біз барлық табиғи құбылысты алдын ала талдап, соған сай қам жасаймыз. Қазір жағдай тұрақты, қалалық қызметтер де



төтенше жағдайдың алдын алу үшін ғана барынша сайланып, сақ отыр», – дейді **Алмаз ҚҰРМАНОВ**.

ТЖД бақылауында бұрын су басқан Алатау мен Бостандық ауданындағы жеті учаске бар.

Қазір «Көкқайнар» шағынауданында Боралдай өзенінің арнасы кеңейтіліп жатыр, Жәңгір хан көшесінде сорғы станциясын орнатуға дайындық жүргізіле бастады. Қалған учаскелердің қауіптілігі орташа деңгейде болғандықтан, мамандар оларды үзбей бақылап отыр.

Көшкін қаупін азайту бағытында да жүйелі жұмыс істеліп жатыр. Алматыда шамамен көшкін болуы мүмкін 190 қауіпті аумақ бар. Былтырдан бастап сегіз жерде инженерлік іс-шаралар қолға алынды, олар тұрғын үйлер мен туристік инфрақұрылымды қорғайды. Былтыр тағы осындай 15 учаскеде жұмыс істелді.

Алматыдағы Экология және қоршаған орта басқармасы басшысының орынбасары Аршат Бақтыгереев су тасқынынан алаңдауға негіз жоқ. Алматы аумағында 153 су нысаны бар, оның ішінде жалпы ұзындығы 586,2 шақырым болатын 109 су



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

арнасы мен 44 су айдыны бар. Қалада 29 тіреу гидротехникалық құрылысы жұмыс істейді, олардың жетеуі жөндеуді қажет етеді, соның ішіндегі алтауы коммуналдық меншікте екен.

«Қаладағы еріген су мен жаңбыр суының ағысын қамтамасыз ететін ұзындығы 1525 шақырым болатын арық желісі бар. Су бөгелмес үшін арық пен өткелдерді күн сайын тазартып отырады. Су жайылып жатса 52 бригада жедел жұмыс істеуге тағы дайын отыр», – дейді **Аршат БАҚТЫГЕРЕЕВ**.

Қазір қаланың орталық, шығыс және батыс бөлігінде арық желісі мен нөсер кәрізін салып,



оны қайта жаңғырту жобасы қолға алынып жатыр. Осы жолы қаланың орталық бөлігінде жұмыстар толық аяқталып, 158 учаскеде 76,6 шақырым арық желісі қайта жаңғыртылды.

## «ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ»

**Алматыда «Есірткісіз болашақ» Атақырыбында қалалық «дөңгелек үстел» өтті. Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының Жол картасы негізіндегі іс-шараны Алматы қаласы Білім басқармасы ұйымдастырды.**

Іс-шараға Алматы қаласының құқық қорғау органдарының қызметкерлері, 80-нен аса Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары директорларының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары мен педагогтері қатысты. Бұл өз кезегінде салааралық ынтымақтастықты арттырып, жастар тәрбиесіне қатысты кешенді әрі нәтижелі жұмыстар жүргізуге мүмкіндік берді.

– Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде: «Жастардың денсаулығын сақтау – ел болашағын сақтаудың кепілі. Зиянды әдеттердің алдын алу және жастарды дұрыс бағытқа тәрбиелеу – аса маңызды міндет», – деп атап өтті. Бұл – мемлекет саясатының басым бағыттарының бірі ретінде айқындалған ұстаным. Жастардың арасында есірткіге қарсы профилактикалық жұмыстарды күшейту, алдын алудың жаңа жолдарын қарастыру, осы міндеттерді іске асыру аясында аталған іс-шараның маңызы зор, – деді «Профессор Рузуддинов атындағы Жоғары Медицина-Стоматологиялық колледжі» директорының Оқу-әдістемелік жұмыстары бойынша орынбасары Мейрамкүл Айтпайқызы.



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБЕКОВ.

Басқосу мақсаты – білім беру ұйымдарында есірткіге қарсы профилактикалық жұмыстарды жүйелі түрде күшейту, жастар арасында салауатты өмір салтын кеңінен насихаттау және құқық қорғау органдары мен білім беру мекемелері арасындағы өзара іс-қимылды нығайту. «Дөңгелек үстел» барысында есірткіге қарсы күрес бағытындағы өзекті мәселелер талқыланып, алдын алу шараларының тиімді тетіктері қарастырылды. Қатысушылар тәжірибе алмасып, профилактикалық жұмысты жетілдіру жолдары бойынша нақты ұсыныстарын ортаға салды.

Алматы қаласы Полиция департаменті Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының аса маңызды істер жөніндегі аға жедел уәкілі, полиция подполковнигі Дәурен Асқарұлы білім беру мекемелерінің дәрігер-наркологтармен, психологтармен тығыз жұмыс істеуін ұсынды.

– Бірінші курс студенті өзі тұратын Алматы облысының аумағында есірткі заттарын жасыру-

мен айналысқан. Кейін ол полиция қызметкерлеріне ұсталып, қазіргі уақытта тергеу амалдары жүргізілуде. Бірнеше рет ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізілген: сыбайлас жемқорлықтан бастап, УБК желісі, кибербуллинг және басқа да мәселелер, соның ішінде есірткі тақырыбы да қамтылған. Дәрігер-наркологтардың қатысуымен де кездесулер өткен. Яғни барлық бағыттар толық қамтылды. Алайда, бұл студент аталған дәрістерге қатысқанымен, тиісті қорытынды жасамаған. Қазіргі уақытта Алматы қаласында наркоқылмыстың алдын алу жөніндегі кеңес жұмыс істейді. Кеңес құрамында қоғам қайраткерлері, депутаттар, блогерлер және танымал тұлғалар бар, – деді Дәурен Асқарұлы.

Сондай-ақ, жиын барысында ұсынылып отырған жаңа конституциялық өзгерістер бойынша да талқылау жұмыстары жүргізіліп, қатысушылар арасында пікір алмасу ұйымдастырылды.

## Бір қадам – қылмыс, бір шешім – болашақ

Алматы қаласындағы Қонаев университетінде студенттердің құқықтық сауаттылығын арттыру және есірткінің заңсыз айналымының алдын алу мақсатында ауқымды профилактикалық кездесу ұйымдастырылды. Іс-шара «Есірткінің заңсыз айналымының алдын алу» айлығы

аясында өтті. Кездесудің басты мақсаты – жастар арасында есірткі заттарының таралуына жол бермеу, осы бағыттағы құқықбұзушылықтардың алдын алу және заңсыз әрекеттер туралы ақпаратты тиісті органдарға қауіпсіз әрі тиімді жеткізу жолдарын кеңінен түсіндіру болды.

Жиынды Қонаев университетінің тәрбие жұмысы және әлеуметтік-мәдени даму жөніндегі проректоры, PhD докторы, доцент Талғат Дүйсебаев ашты. Ол өз сөзінде жастар тәрбиесі мен құқықтық мәдениетті қалыптастыру – білім беру ұйымының басым бағыттарының бірі екенін атап өтті. Профилактикалық кездесуге құқық қорғау органдарының өкілдері мен сала ардагерлері қатысты. Атап айтқанда, прокуратура органдарының ардагерлері Әбдіхалық Исаев пен Гүлнара Әуелбекқызы, ҚР ІІМ тергеу органдарының ардагері Серікқазы Әбдірахманов, полиция подполковнигі Омарбек Әкімбаев сөз сөйледі.

– *Нашақор – қылмыскер. Нашақорлықтың салдарынан қаншама жас өреннің тағдыры құртылады. Бұрын көп қолданылған алкогольдік өнімдерді қазіргі жастар тұтынбайды. Бүгін есірткі алкогольдің орнын алмастырды,* – деді Серікқазы Әбдірахманов.

Сонымен қатар, Қонаев университетінің докторанттары, заң ғылымының магистрлері, аға оқытушылар Дарын Әшімбаев пен Гүлхан Нариманқызы өз тәжірибелерін ортаға салды. Білікті адвокат ретінде Гүлхан Нариманқызы есірткі қылмыстарына қатысты заңнамалық нормалар мен құқықтық қорғау тетіктеріне кеңінен тоқталды.

Кездесу барысында Қазақстан Республикасының есірткінің заңсыз айналымы саласындағы қылмыстық заңнамасының негізгі ережелері түсіндіріліп, жастарды құқыққа қарсы әрекеттерге тартудың заманауи тәсілдері талқыланды. Әсіресе, интернет пен әлеуметтік желілер арқылы жүзеге асырылатын заңсыз әрекеттердің қаупіне ерекше назар аударылды.

Бетті әзірлеген  
Дана САДЫРҚАН





35	Батыралиев Толхин Батыралиевич	20-321-020-1081	«Птицевод» бағбандық серіктестігі тұтыну кооперативі, Центральная көшесі, 35 А	0,0495
36	Асанов Бахтияр Мехурдинович	20-321-020-1082	«Птицевод» бағбандық серіктестігі тұтыну кооперативі, Центральная көшесі, 35	0,0495
37	Нуркенова Алия Сакеновна	20-321-020-1123	«Птицевод» бағбандық серіктестігі тұтыну кооперативі, Шоссейная көшесі, 4/3	жалпы-0,0960, иеліктен шығарылатын ауданы - 0,0304
38	«Гелиос» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-321-020-1133	«Болашақ» шағынауданы, 23/3	жалпы-0,4000, иеліктен шығарылатын ауданы - 0,1337
39	«Тулпар такси» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-321-020-1137	«Болашақ» шағынауданы, 1/15	0,5600
40	Лосы Шамиль Исмарович Люшанло Зарина Харбиевна	20-321-020-1148	«Птицевод» бағбандық серіктестігі тұтыну кооперативі, Шоссейная көшесі, 7	0,0760
41	Пронина Татьяна Андреевна	20-321-020-1150	«Птицевод» бағбандық серіктестігі тұтыну кооперативі, Садовая көшесі, 56	жалпы-0,0600, иеліктен шығарылатын ауданы - 0,0206
42	Аникин Роман Алексеевич, Аникина Олеся Андреевна	20-321-020-1157	«Қарасу» шағынауданы, Боралдай көшесі, 65	0,2043
43	Алимов Саит Хасанович, Оринбекова Гульнара Булатовна	20-321-020-1159	«Болашақ» шағынауданы, 14	0,0980
44	Бағаутдинова Розалия Рахматулловна	20-321-020-1169	«Птицевод» бағбандық серіктестігі тұтыну кооперативі, Проездная көшесі, 10	0,0604
45	Кузнецов Юрий Иванович	20-321-020-1188	«Птицевод» бағбандық серіктестігі тұтыну кооперативі, Проездная көшесі, 8/2	0,0610
46	Шелепанова Надежда Владимировна	20-321-020-1194	«Птицевод» бағбандық серіктестігі тұтыну кооперативі, Садовая көшесі, 58	жалпы-0,1127, иеліктен шығарылатын ауданы - 0,0540
47	Нусипходжаев Мурат Талипович, Нусипходжаева Галия Маймышевна	20-321-020-1208	«Болашақ» шағынауданы, 1/18	жалпы-0,0598, иеліктен шығарылатын ауданы - 0,0105
48	Кожаягулов Омирхан Төлеказиевич	20-321-020-1209	«Болашақ» шағынауданы, 1/17	жалпы-0,1946, иеліктен шығарылатын ауданы - 0,0601
49	Қасанов Махир Ханамад-Оғлы	20-321-020-1231	«Птицевод» бағбандық серіктестігі тұтыну кооперативі, 3	жалпы-0,0733, иеліктен шығарылатын ауданы - 0,0202
50	Буркитбаев Муратбек Жаксыбаевич	20-321-020-1236	«Болашақ» шағынауданы, 3	жалпы-0,0998, иеліктен шығарылатын ауданы - 0,0490
51	Васильева Ирина Юрьевна	20-321-020-1248	«Птицевод» бағбандық серіктестігі тұтыну кооперативі, Набережная көшесі, 30/1	0,0840
52	Иманбекова Асылзат Жарлиқасиновна, Смагулов Гани Ахметович	20-321-020-1253	«Птицевод» бағбандық серіктестігі тұтыну кооперативі, Центральная көшесі, 33/2	0,0600
53	Мамикова Буашам Баситовна	20-321-020-1256	«Болашақ» шағынауданы, 6	жалпы-0,0998, иеліктен шығарылатын ауданы - 0,0506
54	Мусаибова Рита Муртузовна	20-321-020-1259	«Болашақ» шағынауданы, 1/21	жалпы-0,2080, иеліктен шығарылатын ауданы - 0,0730
55	Турсунжан Мерей Бейбітұлы	20-321-020-1268	«Птицевод» бағбандық серіктестігі тұтыну кооперативі, Шоссейная көшесі, 9	0,0690
56	Жамағатов Ергазы Кабашевич	20-321-020-1271	«Птицевод» бағбандық серіктестігі тұтыну кооперативі, Шоссейная көшесі, 62/1	жалпы-0,0240, иеліктен шығарылатын ауданы - 0,0124
57	Киізбаева Аида Мырзаханқызы, Райымқұлов Еркебулан Сайранбаевич	20-321-020-1272	«Птицевод» бағбандық серіктестігі тұтыну кооперативі, Шоссейная көшесі, 62	0,0600
58	Шалгин Леонид Васильевич	20-321-020-1278 (03-046-030)	«Птицевод» бағбандық серіктестігі тұтыну кооперативі, Проездная көшесі, 4/1	0,0600
59	«SMART POLYMER» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-321-020-1280	«Болашақ» шағынауданы, 8	0,0997
60	Увалиев Қайрат Аштаевич, Увалиева Бахтылы Султановна	20-321-020-1286	«Птицевод» бағбандық серіктестігі тұтыну кооперативі, Шоссейная көшесі, 6	жалпы-0,0680, иеліктен шығарылатын ауданы - 0,0363
61	Садықова Бибигүл Мухтаровна	20-321-020-1288	«Птицевод» бағбандық серіктестігі тұтыну кооперативі, Центральная көшесі, 27	0,0600
62	Сабилов Эльмар Князевич	20-321-020-1293	«Птицевод» бағбандық серіктестігі тұтыну кооперативі, Шоссейная көшесі, 64	0,1124
63	Нурғалиев Абдылда Маусейтович	20-321-020-1295	«Птицевод» бағбандық серіктестігі тұтыну кооперативі, Шоссейная көшесі, 3/7	0,0683
64	Оразбаев Қасымжан Сексенбаевич	20-321-020-1297	«Птицевод» бағбандық серіктестігі тұтыну кооперативі, Шоссейная көшесі, 5 А	жалпы-0,0720, иеліктен шығарылатын ауданы - 0,0247
65	Жумадилова Құлетай Есимжановна	20-321-020-1298	«Птицевод» бағбандық серіктестігі тұтыну кооперативі, Шоссейная көшесі, 63	0,1095
66	Абхари Ольга Николаевна	20-321-020-1314	«Птицевод» бағбандық серіктестігі тұтыну кооперативі, Набережная көшесі, 55	жалпы-0,0600, иеліктен шығарылатын ауданы - 0,0274
67	Молбосынова Гүлбаршин Қурманбаевна, Молбосынов Аманбек Абдижапарович	20-321-020-1317	«Птицевод» бағбандық серіктестігі тұтыну кооперативі, Набережная көшесі, 53/1	0,0900

68	Пак Альфред Геннадьевич	20-321-020-1319	«Болашақ» шағынауданы, 4	0,0999
69	«АЛЕЛЬ АГРО» акционерлік қоғамы	20-321-020-1329	«Болашақ» шағынауданы, 1/14	жалпы-7,8119, иеліктен шығарылатын ауданы - 0,2128
70	Нигматдинов Дамир Мунирович	20-321-020-1341	«Птицевод» бағбандық серіктестігі тұтыну кооперативі, Центральная көшесі, 17	0,0600
71	Иманкалов Серик Нуржигитович, Иманкалова Рузия Амангельдиновна	20-321-020-1342	«Болашақ» шағынауданы, 10	жалпы-0,0950, иеліктен шығарылатын ауданы - 0,0436
72	«POWER PETROLEUM» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-321-020-1344	«Болашақ» шағынауданы, 34	жалпы-0,3769, иеліктен шығарылатын ауданы - 0,1720
73	Пак Дмитрий Григорьевич, Лигай Юлия Владленовна	20-321-020-1348	«Болашақ» шағынауданы, 7	0,0995
74	Айсарова Венера Тохтуғажавна	20-321-020-1390	«Болашақ» шағынауданы, Шалкөде көшесі, 62/13	0,0478
75	Исмаилова Турсунбуви Тлевалдыевна	20-321-020-1391	«Өжет» шағынауданы, Шалкөде көшесі, 62/12	0,0502
76	Ерғажин Азат Тлеуханович	20-321-020-1394	«Өжет» шағынауданы, Шалкөде көшесі, 62/5	0,0684
77	Докеев Серик Ерманович	20-321-020-1398	«Өжет» шағынауданы, Шалкөде көшесі, 62/10	0,0535
78	Саутов Дильмурат Курбанович	20-321-020-1407	«Өжет» шағынауданы, Шалкөде көшесі, 62/7	0,0652
79	Кененбаев Марат Майданович	20-321-020-1414	«Птицевод» бағбандық серіктестігі тұтыну кооперативі, Центральная көшесі, 1/2	0,1080
80	Салтаева Айнагуль Абдулдаевна	20-321-020-1420	«Өжет» шағынауданы, Шалкөде көшесі, 62/8	0,0587
81	Уналбаева Нагима Тулегеновна, Ибраимова Айгуль Шаттықовна, Найманбаева Салтанат Шаттықовна	20-321-020-1425	«Птицевод» бағбандық серіктестігі тұтыну кооперативі, Шоссейная көшесі, 54/1	жалпы-0,0746, иеліктен шығарылатын ауданы - 0,0154
82	Бавдинов Мунаждин Злавинович	20-321-020-1441	«Өжет» шағынауданы, Шалкөде көшесі, 62/14	0,0491
83	Жалалдинова Хальчиғұл Турсуновна	20-321-020-1455	«Өжет» шағынауданы, Шалкөде көшесі, 62/11	0,0456
84	Каталбаев Санжар Нурланович	20-321-020-1501	«Болашақ» шағынауданы, 35	жалпы-0,2272, иеліктен шығарылатын ауданы - 0,1462
85	Глазунов Дмитрий Владимирович, Глазунова Наталья Николаевна	20-321-020-1551	«Птицевод» бағбандық серіктестігі тұтыну кооперативі, Центральная көшесі, 121	0,0600
86	«SMART POLYMER» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-321-020-1552	«Болашақ» шағынауданы, 9	0,1000
87	Беккина Лариса Викторовна	20-321-020-1554	«Қарасу» шағынауданы, Боралдай көшесі, 45/2	жалпы-0,2069, иеліктен шығарылатын ауданы - 0,1475
88	Беккина Лариса Викторовна	20-321-020-1556	«Қарасу» шағынауданы, Боралдай көшесі, 45/1	жалпы-0,4911, иеліктен шығарылатын ауданы - 0,0687
89	Таранов Абдрашид Саутджанович	20-321-020-1571	«Птицевод» бағбандық серіктестігі тұтыну кооперативі, Шоссейная көшесі, 51	жалпы-0,1074, иеліктен шығарылатын ауданы - 0,0539
90	Харсанов Нухар, Хидан Рахия	20-321-020-1583	«Болашақ» шағынауданы, 11	жалпы-0,1937, иеліктен шығарылатын ауданы - 0,0858
91	Сулайманова Алия Арыстанбековна	20-321-020-1626	«Өжет» шағынауданы, Шалкөде көшесі, 62/9	0,0448
92	Буркитбаев Муратбек Жаксыбаевич	20-321-020-1645	«Болашақ» шағынауданы, 2 А	0,0512

## ОҚЫРМАН НАЗАРЫНА!

2026 жылғы 2 ақпаннан бастап «Almaty aqshamy» газетіне жеке және жеңілдетілген тариф бойынша баспа құны негізінде редакция арқылы жазыла аласыздар. Газеттің әрбір санын редакциядан өзіңіз келіп алып отырасыздар.

### Мекенжайымыз:

Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 106А. Тарату және жарнама бөлімі.

Жазылу жұмыс күндері (дүйсенбі-жұма) редакцияның бухгалтериясында қолма-қол төлем жасау арқылы жүзеге асырылады. Жазылу кезінде жеке басын және әлеуметтік (жеңілдік) мәртебесін растайтын құжаттарды ұсыну қажет. Төлем жасалғаннан кейін бухгалтерия тарапынан жазылу мерзімі көрсетілген растайтын құжат беріледі.

### Жеке жазылушылар үшін жазылу бағасы:

- 1 айға – 640 теңге.
- 3 айға – 1920 теңге.
- 6 айға – 3840 теңге.
- 12 айға – 7680 теңге.

### Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне, зейнеткерлерге, мүмкіндігі шектеулі жандарға және көпбалалы отбасыларға арналған жеңілдетілген жазылу құны:

- 1 айға – 500 теңге.
- 3 айға – 1500 теңге.
- 6 айға – 3000 теңге.
- 12 айға – 6000 теңге.

Барлық сұрақтар бойынша тарату және жарнама бөліміне хабарласуларыңызға болады:  
8 (727) 293-08-12. 8 (727) 293-08-25. 8 708 592 02 25.  
8 707 766 80 00.

Қоңыраулар жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін қабылданады.



Бас директор –  
**Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ**  
Қабылдау бөлмесі:  
тел.: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –  
**Абдухалил ЖАЛИЛОВ**  
тел.: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –  
**Гүлжазира САЙДАХМЕДОВА**  
тел.: 293-04-28.

Бас редактор – **Есхат БОЖАН**  
тел.: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –  
**Серік ЖҰМАБАЕВ**  
тел.: 293-52-36.

Жауапты хатшы –  
**Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ**  
тел.: 293-52-43.

Ақпараттық-талдау бөлімінің редакторы –  
**Рая ЕСКЕНДІР**

Саясат және экономика бөлімінің редакторы –  
**Нұржамал ӘЛІШ**

Цифрлық инфрақұрылым және кері байланыс бөлімінің редакторы –  
**Гүлжанат СЕМБАЕВА**  
тел.: 293-52-36.

Коммерциялық директор –  
**Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ**  
тел.: 293-08-12. E-mail:  
**rekalatauqparat@gmail.com**

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail:  
**rekalatauqparat@gmail.com**  
тел.: 293-08-25

### Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –  
**Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ**

Кеңес мүшелері:  
**Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,**  
**Сейітқазы МАТАЕВ,**  
**Валерий ЖАНДӘУЛЕТОВ**

### ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА...

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:  
8 777 078 53 48, 8 747 204 19 70  
телефоны арқылы сағат 9.00-ден  
18.00-ге дейін хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:  
**«Alatau Aqparat» ЖШС.**  
E-mail:  
**alatauqparat@gmail.com**  
Мекенжайымыз:  
Индекс: 050022.  
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет аптасына 2 рет, сөйсенбі және жұма күндері шығарылады.  
Нөмірдің таралымы –  
10 360 дана (жұма)

Кезекші редактор –  
**Нұржамал ӘЛІШ**

Газет «Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген.  
Тіркеу туралы  
№ КЗ17VPY00085956  
күәлігі 19.01.2024 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Алматы-Болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В. Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00. Оффсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс бортында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Ж.ЖАБАЕВ – 180

## ЖАМБЫЛ КІТАПХАНАСЫНА ЖАРТЫ ҒАСЫР

**Биыл еліміз «Жырдың қызыл жолбарысы» атанған айтулы ақын Жамбыл бабамыздың 180 жылдығын тойлағаны отыр. Жыр дүлдүлінің есімі берілген қаламыздағы Жамбыл атындағы қалалық жасөспірімдер кітапханасының 50 жылдығы да осы мерейтоймен тұспа-тұс келді.**

Рая  
ЕСКЕНДІР

«Жамбыл атындағы кітапхана» атанғанына да 30 жыл толып отыр. Осыған орай «Жамбыл кітапханасы: Жарты ғасыр жас ұрпақпен бірге» атты мерейтойлық салтанатты жиын өтті.

Аталмыш іс-шараны Алматы қаласы Мәдениет басқармасы басшысының орынбасары Арман Халбеков ашып, мемлекетіміздің дамуы, бел-белесі,

өткені мен бүгін туралы жас ұрпақ санасына жаңғыртып отырған құтхана осы кітапхана екенін баса айтты.

– Біз үшін осынау мекеменің орны ерекше. Өзім де студент кезімде талай бас сұққанмын, әлі де тығыз байланыстамын. Еліміз бойынша тәулік бойы жұмыс істеуді де бастаған осы Жамбыл кітапханасы. Руханияттың ошағына айналған мекеменің оқырманы көп болғай, – дей келе арнайы құттықтау хатын табыс етті.

Қазақстан Жазушылар ода-

ғы атынан Ғалым Қалибекұлы, Ішкі саясат басқармасы, Қоғамдық даму орталығынан Гүлсім Сапақова, еңбек ардагері Светлана Бәйімбетова басқа да кітапхана ісінің ардагерлері, белгілі қаламгерлер жүрекжарды лебіздерін арнады. Кітапхананың ең алғашқы негізін қалаған, осы саланың білгірі Роза Бердіғалиеваның арнайы құттықтауы оқылды.

Іс-шара аясында ақынның шығармашылығына және кітапхана тарихына арналған кітаптар, ғылыми еңбектер, естеліктер мен басылымдар ұсынылатын бірегей кітап көрмесі ұйымдастырылды. Сонымен қатар, «Кітапханада басталған жыр» атты ақындар айтысы, кітапхана оқырмандары мен дәстүрлі әншілердің орындауында әндер шырқалды.

«АДАЛ АЗАМАТ»

## ЖҮЗ ЖЫЛ ЖЫРЛАҒАН ЖҮРЕК

**Алматы қаласы Медеу ауданындағы №53 мектеп-гимназиясында «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында жыр алыбы Жамбыл Жабаевтың туғанына 180 жыл толуына орай «Жүз жыл жырлаған жүрек» тақырыбында қалалық семинар жоғары деңгейде ұйымдастырылды.**

Аталған семинар ұлттық мұраны заманауи білім беру мазмұнымен сабақтастырған мазмұнды педагогикалық алаңға айналды. Іс-шараның басты мақсаты – Жамбыл Жабаевтың өмірі мен шығармашылығын насихаттау арқылы жас ұрпақтың бойында ұлттық рухты, отансүйгіштік пен азаматтық жауапкершілікті арттыру. Сонымен қатар, ақын мұрасының тәрбиелік әлеуетін «Адал азамат» бағдарламасының құндылықтарымен ұштастыра отырып, білім беру ұйымдары арасында тәжірибе алмасудың тиімді моделін қалыптастыру болды.

Қалалық деңгейде өткен тағылымды жиынға Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің профессор-оқытушылары мен магистранттары, қала кітапханаларының мамандары, білім беру ұйымдарының педагогтері қатысып, жалпы саны 70-ке жуық қонақ жиналды.

Семинар аясында бір мезетте 5 түрлі локацияда ұйымдастырылып, мектеп кеңістігі тұтас шығармашылық алаңға айналды. Мектеп кітапханасында «Жүзбен жүздес-

кен Жамбыл» атты көркем көрсетілім ұйымдастырылса, мәжіліс залында «Жамбыл мұрасы – ұрпаққа аманат» тақырыбындағы әдеби кеш көрерменге ерекше әсер сыйлады. Оқу кабинеттерінде «Жамбыл мен заман үні», «Текті сөздің төресі – айтыс» тақырыптарында оқушылардың шығармашылық жұмыстары ұсынылды. Ал «Жырмен жазылған жеңіс: Жамбыл поэзиясындағы Ұлы Отан соғысы» тақырыбындағы танымдық сабақ тарихи тағдыр мен поэзия үндестігін әсерлі жеткізді.

Семинар барысында қазіргі білім беру ұйымдарында қалыптасып жатқан адалдыққа, тазалыққа және қауіпсіздікке негізделген мектеп ортасының маңызы кеңінен танытырылды. Бүгінде №53 мектеп-гимназиясы білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты тиімді жүзеге асыра отырып, оқушыларға қауіпсіз, адал әрі зияткерлік орта қалыптастырып, болашақтың «ақылды мектебі» моделіне сай білім беруді жүйелі дамытып отыр.

Ұлжан ТҮРБЕКОВА,  
ҚР білім беру ісінің ардагері.



СҮЙІНШІ!

## АЛТЫН ДА, КҮМІС ТЕ – АЛМАТЫ ЦИРКИНДЕ

**Әлемге танымал әртістер Флавио мен Бруно Тонидің жетекшілігімен өтетін Италия циркінің Belissimo бағдарламасы біздің Алматыға гастрольдік сапармен келді. Бұл – техниканы, талғампаздықты, әзіл мен италиялық темпераментті шебер үйлестіріп, көп елде көрерменнің ыстық ықыласына бөленген шоу.**

Нұржамал  
ӘЛІШ

Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен баспасөз конференциясында цирк басшылығы осылай деді.

«Алматы циркінің манежінде бенгал мен ақ жолбарыстар, сондай-ақ осы жолы Орталық Азияда алғаш рет бірегей алтын жолбарыстар өнер көрсетеді. Бағдарламада үш мәрте сальтомортале жасайтын акробаттар, эквилибристер, жонглерлер мен арқан бойымен жүретін әртістер, әсем жылқы нөмірлері, нәзік италиялық әзілге құрылған клоунада, қарқынды музыка мен әсерлі визуалды шешімдер бар», – дейді цирк директоры Мақсат Жайықов.

Белгілі цирк әулетінің өкілі саналатын Флавио мен Бруно Тони Monte-Carlo International Circus Festival фестивалінде бірден бес мәрте (оның ішінде алтын және күміс) марапатқа ие болған бірегей цирк ұжымы. Отбасылық ауди-



торияға арналған олардың бағдарламасы балалар мен ересектерді бірдей баурап алады. Belissimo-ның Алматыдағы гастролі 24 наурызға дейін жалғасады. Бұл – әлемдік деңгейдегі еуропалық цирк мәдениетімен танысатын үлкен мүмкіндік.

Әулеттің төртінші буын мүшесі Флавио Тонидің айтуынша, отбасы Алматыны гастрольге

әдейі таңдапты. Себебі, Еуропада біздің цирк туралы жиі айтылатын көрінеді. Оған негіз бар. Бүгінде Қазақ мемлекеттік циркінің халықаралық беделі нығайып келеді.

«Біздің әртістер жуырда Ташкентте өткен II International Youth Festival of Circus Art Silk Road фестивалінде де ел намысын абыроймен қорғап, алтын мен күміс жүлдені қатар алып, елге үлкен қуанышпен оралды. Алтын медальді «Әуе сферасы» атты жұптық сақина жанрындағы нөмірі үшін Жасмин Алшынбаева мен Авелина Гузей (жетекшісі Зарина Тапалова) иеленді. Ал күміс жүлдені «Доптарды еденге соғып жонглерлеу» нөмірімен Али Салаватов (жетекшісі Равиль Сейдгариев) жеңіп алды», – дейді әртістерінің қуанышын бөліскен Мақсат Жайықов.



www.aqshamnews.kz

